

Диссертациялық кеңестің 2018 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

6D010000 - Білім беру (жаратылыстану және география)
(кеңестің шифры)

Диссертациялық кеңестің төрағасы - география ғылымдарының докторы, профессор Каймулдинова Куляш Дүйсенбаевна Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесінің 2017 жылғы 29 қараша №3 хаттамасымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

6D011300 – Биология мамандығы бойынша;

6D011200 – Химия мамандығы бойынша;

6D011600 – География мамандығы бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 6D010000 - Білім беру (жаратылыстану және география) диссертациялық кеңесінде 2018 жылдың 3-қаңтар мен 31-желтоқсан айлары аралығында 8 кеңес отырысы өкізілді

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңес құрамы 12 адам. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшесі – 1.

Саипов Әбдімәжит Аманжолұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Ермакбаева Акбопе Тонтаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

2. Шаймерденова Гүлсана Залқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

3. Алиаскаров Думан Токтарұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Ильясова Гульжахан Уалибековна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

- қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

- қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
- диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы;
- қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

Ермекбаева Акбопе Тонтаевна

Диссертация тақырыбы: Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 14 наурыз 2018 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Андреева Наталья Дмитриевна – педагогика ғылымдарының докторы, А.И.Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, биология және экологияны оқытудың әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Ресей).

Қазіргі заманғы білім берудің жарқын белгісінің бірі – жастарды оқыту мен тәрбиелеуде өлкелік компонентті ендірудің рөлін арттыруға ұмтылысы. Білім беру ортасының өңірлік ерекшелігі ауыл, аудан, қалада тиімді тәрбие беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік беру. Аймақтың тарихы, мәдениеті мен қазіргі жай-күйі күшті білім және тәрбие беру әлеуетін қамтиды.

Білім беру жүйесінде халықты экологиялық сауаттандыру психологиялық үдеріске жатады. Себебі, экологиялық жағдайларды түсіндіру әр адамның білім деңгейіне, жас ерекшелігіне сәйкестендіре отырып, түрлі жолдармен және әртүрлі әдіс-тәсілдермен санаға сіңірілетін мәселе. Соңғы кезде Қазақстан азаматтарының өз халқының тарихы мен табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылықтары артуда. Осыған байланысты ЖОО-да білім беру барысында өлкелік компонентті зерттеу және оны білім беру үдерісіне ендіру басты мақсаттардың бірі болып отыр.

Өлкелік компоненттерді білім беру үдерісіне ендіру бұл жаңадан туған мәселе емес. Қай кезеңде де әртүрлі пәндерді оқытуда жергілікті материалдармен байланыстырудың маңызын жоғары бағалаған еңбектердің жарық көріп отырғандығы анық. Өлкетану жұмысы зерттелінетін өлкенің табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзара байланысын көрсететін деректерді қамтиды. Сонымен қатар, өлкелік компоненттерді біртұтастықта қарау, білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, тіршілік ету ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарастар, рухани құндылыққа негізделген қарым-қатынастар жүйесін

ұтымды ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық қалыптастырудың ең тиімді жолы.

Білім берудегі өлкетану мәселесі аймақтық-өлкелік және технологиялық ақпаратты синтездеуге мүмкіндік бере алады. Технологиялық ақпарат ғылыми-техникалық жетістіктерге бағыттауға септігін тигізсе, өлкетанулық ақпарат шынайы қоршаған ортаға бейімделуге септігін тигізе алады.

Докторант студенттердің пәндік және әдістемелік дайындығын өлкелік компонент арқылы іске асыруға байланысты диссертациялық жұмысында білім берудегі мәселенің жаңа тетіктерін анықтай отырып, зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда ғылыми жетістіктер деп танылатын маңызды теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізгенін атап өтуге болады:

Бірінші нәтиже: диссертанттың биолог мамандарын пәндік және әдістемелік даярлау мазмұнына өлкелік компонент ретінде Қазақстанда тіршілік ететін жыландардың биоэкологиялық ерекшеліктерін қолданудың теориялық мәселелерін саралауда нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып негізделген. Сонымен қатар, диссертант жеке ойын тұжырымдап, теориялық тұрғыдан өзіндік қорытынды жасай білгендігінде.

Екінші нәтиже: ЖОО-да биолог студенттерді пәндік даярлауда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған жұмыстар: топсаяхат, дала практикасы, сабақ, сабақтан тыс жұмыстар т.б. арқылы жүзеге асқандығын нақты деректермен дәлелденгендігінде.

Үшінші нәтиже: диссертациялық жұмыстың нәтижесін айқындауда диссертант өлкелік компонент ретінде Қазақстанда тіршілік ететін жыландардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін студенттерді пәндік және әдістемелік дайындығы жүйесіне ендіру тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қаралып, оның ғылыми мақсаты мен жүйелі ұйымдастырылуының мүмкіндіктерінің айқындалғандығында.

Төртінші нәтиже: Жергілікті материалды білім беруде пайдалануға байланысты әдістемелік тұжырымдарының дәлелділігінде, ұсынылған әдістеменің тәжірибелік эксперимент жүзінде тексеріліп, нәтижелерге талдау жасалып, дәлелденуі және оның оқу үдерісіне енгізілуі зерттеу жұмысының тиімділігін көрсетеді.

Алынған нәтижелерді студенттердің пәндік және әдістемелік дайындау мазмұнында өлкелік компонентті тиімді қолдану секілді өзекті ғылыми-әдістемелік мәселені шешу деп бағалауға болады. Ал оның маңыздылығы студенттердің кәсіби әлеуетінің, зерттеушілік дағдыларының және біліктіліктерінің қалыптасып дамуымен анықталады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер бір-біріне қайшы келмейді, өзара байланысты және зерттеудің жетекші идеясының мәнін толық ашады. Ал олардың сенімділігі зерттелініп отырған

мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген тұғырлармен қамтамасыз етілген.

Зерттеу нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындарының көп деңгейлі білім беру сатысында, педагогикалық колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Шаймерденова Гүлсана Залқызы

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 18 мамыр 2018 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Есимов Болат Кабдушевич – биология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті анатомия, физиология, зоология және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының доценті.

Али Сулун – PhD доктор, Эрзинджан университетінің профессоры, Эрзиенджан, Түркия.

Отандық білім беру жүйесі өз іс әрекетінің мақсаттары мен нәтижелері туралы көптеген іргелі шешімдер қабылдауда. Білім сапасын әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары деңгейге көтеру замануи талап. Білім алушыларға оқытудың инновациялық технологиялары арқылы түрлі формада ақпараттар беру және олардың қабылдау мен ойлау үдерістерін белсендіру, назарларын ұшқырландыру, әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалану дағдыларын жетілдіреді. Білім алушылардың инновациялық іс-әрекеті зерттелген жаңалықтарды қолданысқа ендіріп, іс жүзінде пайдалануы, яғни оларды оқу үдерісінде виртуалды нысандарды, заттар немесе құбылыс үлгілерін құрастыруымен сипатталады.

Білім берудегі инновация теориялық және практикалық сипаттағы педагогикалық үдерісте қолдану нәтижесі арқылы анықталған. Осыған орай болашақ биолог мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың маңызы зор. Бұл өз кезегінде болашақ биолог мұғалімдерге тәжірибелі эксперимент жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі виртуалды компьютерлік технологияларды білім беру үдерісінде тиімді пайдалануы негіздеумен анықталған. Болашақ биолог мамандарды даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесі жасалынған.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Жоғары оқу орындарында ақпараттық білім беру ортасын құрудың педагогикалық тұжырымдарының инновациялық оқыту технологиялары арқылы ақпараттық білім беру ортасын құрудың теориялық-әдіснамалық негізі анықталған.

Екінші нәтиже: Анықталған әдіснамалық негізге сәйкес жаратылыстану пәндерін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстардың маңызына сипаттама берілген. Жаратылыстану пәндерін оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстар білім алушылардың биологиялық дайындық деңгейін арттырады және алған білімдерін болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде қолдана алу біліктерін қалыптастырады. Сонымен қатар биологияны оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың: мотивациялық, когнитивтік және операциялық-әрекеттік өлшемдері айқындалған. Виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың өлшемдері биология мамандығы бойынша білім алушылардың білім сапасы деңгейін анықтауға бағытталған.

Үшінші нәтиже: «Омыртқасыздар зоологиясы» пәнінің мазмұнына қосымша дәрістер қосылған және «Кеміргіштердің саркоспоридиялары» тақырыбында виртуалды зертханасының электрондық әдістемелік нұсқаулығы жасалған. Тәжірибелік эксперимент негізінде, болашақ биолог мұғалімдердің виртуалдық зертханалық жұмыстарды құру және пайдалану әдістемесі ұсынылып, оқу үдерісіне ендірілген.

Төртінші нәтиже: Болашақ биолог мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру және қолдану әдістемесі дайындалып, педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген.

Зерттеу нәтижелері бойынша биологиялық мазмұнда теориялық білімді бекіту тапсырмалары, білім алушылардың өзбетімен жұмыс жасауына арналған тест сұрақтары, шығармашылық және зерттеуге арналған виртуалды зертханалық жұмыстар дайындалған.

Алиаскаров Думан Тоқтарұлы

Диссертация тақырыбы: Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында).

Мамандығы: 6D011600 – География.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 25 маусым 2018 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Бейсенова Әлия Сәрсенқызы – география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Емин Атасой – PhD доктор, Улудаг университетінің профессоры (Бурса қаласы, Түркия Республикасы).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту және оны технологияландыру, бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау, яғни адам капиталының дамуында жетекші қызмет атқаратын салаларды дамытуға мемлекеттің стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларында ерекше көңіл бөлінуде. Білім сапасын әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары деңгейге көтеру - заманауи талап. Білім алушыларға оқытудың инновациялық технологиялары арқылы түрлі формада ғылыми негізделген жаңашыл ақпараттар беру және олардың кәсіби құзіреттіліктерін дамытуға арналған

әдіс-тәсілдер білім, білік дағдыларын жетілдіреді. Осыған орай, диссертациялық жұмыстағы ғылыми жолмен жинақталған білім жүйесі, инновациялық әдістер және қуатты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, әсіресе ГАЖ-технологиялар географиялық білім берудің дамуына негіз болады.

Жалпы диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны географиялық білім алушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, табиғат, қоғам және экономиканың жүйелі байланысы, әлеуметтік-экономикалық білімдері туралы түсініктері мен көзқарастарын, Қазақстан Республикасы моноқалаларының инфрақұрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыруға, болашақ географ мамандардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және географиялық ойлауды дамытуға бағытталған өзекті мәселеге арналған.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер мен нормативтік құжаттардағы «моноқала» және «инновациялық даму» ұғымдарының географиясына ғылыми талдау жасай отырып, моноқалалардың инновациялық даму үрдістерінің жаңартылған мазмұндағы географиялық білім берудегі мазмұны нақтыланған.

Екінші нәтиже: Болашақ географ мамандардың әлеуметтік-экономикалық білім, білік дағдыларын қалыптастырудың мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, бағалау-нәтижелік блоктардан құралған мазмұндық-құрылымдық моделі ұсынылған.

Үшінші нәтиже: Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін, яғни қалалар географиясы мәселелерін орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқытудың әдістемесі жасалған. ЖОО-ның география мамандықтарында оқилатын «Геоурбандалу» элективті пәнінің білім беру мазмұны қайта құрылымдалып, оқу-әдістемелік кешені дайындалған, нәтижелер оқу үдерісіне ендірілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін орта мектепте, жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, қалалар географиясын зерттеумен айналысатын урбанист мамандар үшін де маңызы зор.

Ильясова Гульжахан Уалибековна

Диссертация тақырыбы: Химиядан оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырудың дидактикалық негіздері.

Мамандығы: 6D011200- Химия.

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 10 қазан 2018 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Шоқыбаев Жеңіс Әкімжанұлы – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры.

Божена Лозовицка – PhD доктор, Өсімдіктерді қорғау ұлттық зерттеу институтының профессоры (Беласток қаласы, Польша Республикасы).

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл парасатты, ой өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесінің бірі болып отыр. Бұл талаптарды жүзеге асыруда білім берудің негізгі құралы болып есептелетін оқулықтың дидактикалық функцияларының айқын ғылыми деңгейде ұстамды болуы үлкен рол атқарады. Себебі, оқулықтың дидактикалық құрылымы мен мазмұнына байланысты мұғалімнің білім беру әдістері де, оқушылардың шығармашылық ізденістері де өз дәрежесінде ұйымдастырылатыны белгілі. Сондықтан да, оқулық осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін дидактикалық тұрғыдан үнемі заман талабына қарай өңдеп жетілдіріп отыру ешқашан күн тәртібінен түспейтін мәселе. Оның үстіне химия ғылымының жетістіктері мен жаңалықтары күн сайын қарқынды түрде дами отырып, күн сайын бүкіл тіршілік көзіне еркін енуде. Осының бәрі бейорганикалық химия оқулығының дидактикалық құрылымын зерттеу көзі етіп алудың өзекті мәселелердің бірі екенін көрсетеді.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Отандық және Ресей ғалымдарының еңбектеріне ғылыми тұрғыдан талдау жасай отырып, білім беруге қойылатын жаңа талаптар бойынша тақырыптың педагогикалық- психологиялық негізі сараланған.

Екінші нәтиже: Химия оқулықтары мен оқу құралын сабақтастыра пайдалану арқылы орындайтын оқушылардың өзіндік жұмыстарының жүйесі берілген.

Үшінші нәтиже: химия оқулығы мен оқу құралын байланыстыра отырып оқушыларға өзіндік жұмыстың түрлерін ұсыну арқылы, олардың теориялық білімін тереңдетіп, практикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдерін бақылау-экспериментіне қойып, оның нәтижесін қорытындылаған.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде орта мектептің 7-сыныбына арналған О.С. Габриелян., Ж.Ә.Шоқыбаев және Г.У.Ильясованың авторлық бірлестігімен «Химияға кіріспе» атты оқу құралы дайындалып, ол қазіргі таңда эксперимент ретінде Алматы қаласының орта мектептерінде қолданылуда; зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларға химия пәні бойынша білім беруде пайдалануға болады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде биология, география, химия саласындағы және биология, география, химияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

Ермекбаева Ақбөпе Тонтайқызының диссертациясы бойынша:

Аймағамбетова Қазна Аймағамбетқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры.

Ибадуллаева Салтанат Жарылқасынқызы – биология ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры.

Шаймерденова Гүлсана Залқызының диссертациясы бойынша:

Ибадуллаева Салтанат Жарылқасынқызы – биология ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры.

Абдрасулова Жанна Тубекбайқызы – PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы.

Алиаскаров Думан Тоқтарұлының диссертациясы бойынша:

Саипов Әбдімәжит Аманжолұлы – педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Тоқбергенова Айгүл Әбдіғаппарқызы – география ғылымдарының кандидаты, әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.

Ильясова Гульжахан Уалибековнаның диссертациясы бойынша:

Аймағанбетова Қазына Аймағанбетқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры.

Жұмаділов Талқыбек Қожатайұлы – химия ғылымдарының докторы, «Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ профессоры.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО басшылары және бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудары қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	6D011300 – Биология	6D011600 – География	6D011200- Химия
Қараудан алынып	-	-	-

тасталған диссертациялар			
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	2	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы

08.01.2019 ж.



Абай атындағы Қазан ФУ
 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІ
 НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА
 УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
 Казан ФУ имени Абая
 К.Д. Каймулдинова
 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТАҒЫ
 НАЧАЛЬНИК
 УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
 Казан ФУ имени Абая
 М.Б. Аманбаева